

Ойымызды түйіндей келе, «Домбыра – қазақтың қасиетті дүниесі, саф алтындай сақталған алтын қазынасы. Оны тарта алмасаң да қадірлей білген жөн. Себебі, білім алушының бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызы жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген – тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып, сая да болмайды, жеміс те бермейді» деген Бауыржан Момышұлының аталы сөзімен тәмамдағым келеді.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Балтабаев М.Х. Казахская традиционная художественная культура в системе образования. – Алматы, 1994.
- 2 Әбілева З. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – Алматы: Мектеп, 1972. – 83б.
- 3 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы. – 2004. – № 11. – 109–112 б.
- 4 Мырзалиев Қ. Домбыра. – Алматы: «Жазушы», 1979. – 223 б.

ТҮРКІ ҒҰЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметов Т.Ә.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Жастарды әлеуметтендіру яғни өмірге, жаңа ортаға бейімдеу мәселесі қай заманда болмасын өзекті мәселелердің бірі болған. Етек жауып, ес білген әрбір жас ересек өмірге аяқ басқаннан бастап, кез-келген жаңа ортаға, ұжымға сіңісіп кетудің, үйренісудің, біте қайнасудың қиыншылығына тап келуі табиғи құбылыс.

Жас баланың жаңа өмірге бейімделуінің қыр-сыры көне түркі жазба ескерткіштерінде де жақсы баяндалған. Мәселен, ортағасырлық ұлы бабаларымыз Мамұт Қашғари «Өзіңнің ауыр ісінді басқаға артып жүктеме, қарайып көзің, ашығып, басқаны өзің тойғызба», /1: 94/ – десе, энциклопедист ғалым Жүсіп Баласағұни: «Ей, білікті, білсең заман сыңайын, Бәрі өзгерген, өзгерткен ел райын» (6451 бәйіт), /2, 576/ – деп, сәт сайын өзгеріп жатқан заманға сәйкес сен де өзгер және

«Пайда құма, ел пайдасын ойлағын

Өз жүгіңді өзгеге артып қоймағын. (6098 бәйіт), /2, 548/

Турашыл бол, тура жүріп, жұмыс қыл,

Туралықтың өзегінде – ырыс, құт» (1289 бәйіт), /2, 160/ – деген өлең жолдарымен әлеуметтену мәселесіне байланысты жастарға осындай тұжырымды ақыл-кеңес береді.

Жастардың қоғамдық өмірге, заманға үйренісуі, әлеуметтенуі, хакім Абайды да толғантқан. Абай заман туралы, әлеуметтену, қоғам мен жеке адамның ара-қатынасы туралы:

«Әркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек,

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек», – дейді.

Ортағасырлық ғұлама Махмұт Қашғари жастарға:

«Өнер білім ізде, үйренуден өркөкірек болма, жиренбе,

Өнер-білімсіз білімдісінбе, сынақта қиналар» /1, 298/ – деп өсиет

айтса, ұлы Абай:

«Жолға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,

Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.

Қаруыңның барында қайрат қылмай,

Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел», /5, 224/ – деп жастарды жалқауланбай еңбек етіп, мал табуға шақырады. Ал ортағасырлық ғұлама Әл-Фараби: «Адамның өмір сүру мақсаты ең

жоғарғы бақытқа жету болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы керек» /4, 409/, – деп әрбір адам бақытты болуға ұмтылуы керек екендігін баса айтса, Қорқыт бабамыз:

«Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас,

Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес.

Баба атын шығармаған жігерсіз ұл

Баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі» /3, 128/, – деп жас баланың әлеуметтенуіне, болашақ өмірінің қандай болуына ата-анадан көрген тәрбиенің зор әсерін баса айтады.

Ұлылардың осы айтылған ұлағаты бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен үндесіп жатуы ғажап құбылыс емес пе?

Қазіргі таңда әлеуметтанушы ғалымдардың пайымдауынша «жастар» деген ұғым жас ерекшеліктеріне және соған байланысты қызмет түрлерінің негізінде топтасқан көпшіліктің жалпылама жиынтығын білдіреді. Дәлірек айтқанда, жастар – жас адамдардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері, олардың қоғамдағы түрлі әлеуметтік құрылымдардан алатын орны мен қызметі, ерекше құндылықтары мен мүдделері негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты бүгінде жеткілікті нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы бекітіліп, 2004 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң қабылданды. Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасын дамытудың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында, басқа да маңызды стратегиялық құжаттарда жастар саясатына қатысты арнайы бөлім берілген. Білім және ғылым министрлігінің құрылымында, аталған саладағы бейіндік, жетекші мемлекеттік орган болып табылатын Жастар саясаты департаменті жұмыс істеуде.

Бәрімізге мәлім, соңғы жылдары елімізде жастармен белсенді түрде жұмыстар жүргізілуде. Жастардың жаңа қоғамдық бірлестіктері құрылды, сонымен қатар облыс аудандарында жастарға әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстары ұйымдастырылды, жыл сайын жастар форумдарын, кәсіптік конкурстарды, фестивальдар мен отансүйгіш патриоттар шеруін өткізу дәстүрге айналды. Жастарды әлеуметтік қорғаудың әртүрлі нысандары құрылды. Алайда, қазіргі таңда қоғам мен мемлекет тарапынан жас ұрпақтың қалыптасуы мен тәрбиеленуі проблемаларына ерекше назар аударылу беталысы еліміздегі жастар саясатын іске асырудың жаңа да, сапалы тәсілдерін әзірлеуді қажет етеді. Осы ретте, мемлекетіміздегі жастар саясаты бүгінгі күні жас ұрпақтың қоғамдық өмірге әлеуметтік кірігуінің, жаңа ортаға үйренісуінің, жаңа ортаны жатырқамай, замандастарымен тез тіл табысуының бірден-бір кепілі болып отыр.

«Студент» – латын тілінен аударғанда ынтамен жұмыс істеуші, білімді меңгеруші деген мағына береді. Егер, студент 17-20 жастағы тұлға ретінде қарастырылса, бұл кезең оның этикалық және эстетикалық сезімдерінің белсенді дамитын, мінез-құлқының қалыптасып тұрақтанатын, есеудің әлеуметтік яғни азаматтық, кәсіптік, еңбек және т.б. рөлдерінің толық кешенін меңгеретін кезеңі. Психологиялық жағынан қарағанда, студенттердің жеке тұлға болып қалыптасып дамуына негізінен биологиялық, психологиялық, әлеуметтік факторлар әсер етеді. Студенттің әлеуметтенуі белсенді іс-әрекетте, қызметте, адамдармен қарым-қатынаста, ізденісте және өз жауапкершілігін сезінудің нәтижесінде іске асады. Студент әлеуметтену үдерісінде қоғамда қалыптасқан құндылықтарды, мінез-құлық үлгілерін бойына сіңіреді. Осы орайда, біздің негізгі ұстанымыз мынандай болуы керек: студенттер әлеуметтену үрдісі кезінде белгілі бір әлеуметтік-саяси нормалар мен құндылықтарды талғамсыз қабылдай бермей, оларды өз бетінше іріктеп, саралап, таңдау еркіндігін сақтай отырып, қабылдауы керек. Студенттерді әлеуметтендірудің мақсаты – елімізде қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани-идеологиялық құрылымдарға арқа сүйеп оларды одан әрі қарай дамытуға ат салысу. Осы бағытта студенттердің ой-санасының тұтынушылық, имигранттық психоло-

гиядан ада болуына, ынсап-ұяттың, ар-ожданның, ерлік-намыстың туын жоғары ұстауға, туған жер мен халықтың алдындағы жауапкершілікті ешқашан ұмытпауына баса назар аударған абзал. Осы бағытта жастардың бойында жаңа қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру жүйесі арқылы мақсатты, жүйелі түрде үгіт-насихат және оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу қажет. Патриотизмді, азаматтық сана-сезімді дамыту – үнемі жіті назар аударуды қажет ететін елеулі фактор. Әлеуметтенген студент мынандай әлеуметтік құзырлықтарға ие бола алады: дүниетанымдық, коммуникативтік, жалпы мәдениеттілік, рухани-адамгершілік, оқуға ынталық, әлеуметтік талаптарға сай мінез-құлық, кәсіпті игеруге деген бейімділік.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсетін студенттердің 70-80 % - ы ауыл жастары. 17-18 жастағы студенттер бірінші курстан бастап жоғары мектептің білім беру ортасына түсіп, әлеуметтендіру процестерін бастарынан кешеді. Әлеуметтендіру кезінде студент жастар қандай қиыншылықтарға тап болады?

Біріншіден, олар жаңа ортаға, жаңа өмірге, қаланың тұрмыс тіршілігіне бірден үйреніп кете алмайды.

Екіншіден, кейде жоғарғы курс студенттері 1 курс студенттеріне әлімжетіктік жасап, тіпті қорқытып ақшаларын тартып алып, кейде ұрып-соғуға дейін баратындығы жасырын емес. Бұндай өрескел жағдайлар еліміздің жоғары оқу орындарының өмірінен әлі күнге дейін орын алуы өкінішті-ақ.

Үшіншіден, кешегі 1-ші курстың студенті 2-ші, 3-ші курсқа жетіп әлеуметтенген кезде, еркіндіктің, ер жеткендіктің, әлеуметтенгендіктің жөні осы деп жатақханаларда, қоғамдық орындарда сырадан бастап, спирттік ішімдіктер ішіп, қоғамдық тәртіпті енді өздері бұза бастайды.

Міне осы кезде ұстаздар қауымының студенттерді дұрыс жолға бағыттайтын ерекше іс-әрекеттері қажет болады. Яғни студенттердің әлеуметтену, жаңа ортаға бейімдену процесі бағыттауды, басшылық етуді керек ететін маңызды жұмыс.

Тағы бір көңіл аударатын жағдай: студенттер кез-келген қажетті-қажетсіз топтарға кіріп, стихиялық түрде әлеуметтенуді бастан кешіреді. Оның ең сорақы көрінісі – кейбір студенттердің экстремистік діни секталарға кіріп кетуі.

Сонымен қатар кейбір жастардың бойында инфантильдік көзқарас, болашағына деген үмітсіздік, болашақ мамандығының мазмұнын түсінбеу, өзіне деген сенімінің аздығы, қоғамдық өмірге қатысты немқұрайлық секілді түрлі әлеуметтік жағдайлардан туындайтын келіңсіз факторлар орын алады.

«Бүгінгі жас буын байлыққа құныққан, мал-мүліктің, ақшаның құлына айналған» деген пікірлер жиі айтылуда. Бұл теріс жағдайға жастардың өздері ғана кінәлі емес. Жастарды әлеуметтендіру мәселесімен айналысатын білім мен тәрбие беру институтарындағы ұстаздар қауымы да бұл іске жауапты.

Қоғамдағы кейбір теріс факторлардың салдарынан жастар үшін әлеуметтік, мәдени, тұлғалық, статустық деңгейге ие болған білімнің құндылығы әлеуметтік феномен ретінде өз дәрежесіне әлі күнге дейін көтеріле алмай отыр. Жастар үшін мамандық таңдау, соған сәйкес оқу орнын анықтау – әрқашан көкейкесті, маңызды мәселе.

Зерттеуші-ғалымдар қазіргі кездегі студенттерді «тұтынушылар», «имигранттар», «традиционалистер» тәрізді топтарға бөліп қарастырады. Әлеуметтану ғалымдардың зерттеуінше білім алушылардың үштен бір бөлігінің еңбекке деген көзқарасы оң болса, үштен екі бөлігі Отанға қызмет ету жауапкершілігін сезінбейді. Сол себептен жастардың теріс әлеуметтенуі байқалады. Біздің студенттеріміздің ішінен әлі өз орнын таба алмай, оғаш мінез-құлық көрсетіп, ішімдік пен темекі тартуды қызық көріп, тіпті, әдетке айналдырып кеткендері де аз емес.

Бұндай келеңсіз жағдай студенттік топтардың кураторлары мен деканаттар тарапынан шешілетін мәселелердің бірі. Біздің ойымызша, кез-келген келеңсіз жағдайға альтернативті іс-шаралар болуы керек. Студенттерге арналған көкейкесті, қызықты, жастар талабына сай,

қоғамның сұранысына бейімделген іс-шаралар жиі өткізілуге тиіс. Біздің институтымыз болашақ мұғалімдерді тәрбиелейтін мекеме болғандықтан, педагог қызметіне сапалы, жаңа әлеуметтік-тәрбиелік талаптар қойылуда. Институтта демократиялық принциптерге негізделген, студент жастардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыс істейді. Ұстаздар студент жастарымызды қолдап, кәсіби білім беруде, олардың бәсекелестік қасиетке ие болуына, тез әлеуметтенуіне уақыттарын аямай еңбек етуде.

«Қазақстан–2020: болашаққа жол» атты ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында жастарды әлеуметтендіруде қол жетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқықтық мәдениетті арттыру және жастардың бойында мемлекеттіліктің негізін қалаушы құндылықтарына деген құрмет қалыптастыру; жастарды мәдени құндылықтарға тарту, жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін өз бетінше дамытуын ынталандыру; жастарды «Қазақстан–2050» стратегиясын іске асыруға тарту сияқты талаптар қойылған.

Елімізде жастарды әлеуметтендіруге арналған біршама бастамалар іске асырылуда. Соның ішінде «Жастар практикасы», «Жасыл ел», « Дипломмен ауылға», « Жастар кадрлар резерві», «Жас Отан» атты бағдарламалар – қоғамда өз орнын тауып, жастар арасында оң резонанс тудыруда.

Әлеуметтендіруде екі ірі фактор көрініс береді: 1) адаптациялау (бейімделу), 2) интериоризациялау (құндылықтарды жан-дүниеге сіңіру).

Сонымен қатар, жастарды әлеуметтендіру ісі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жұмысымен тығыз байланыста жүргізілуі керек.

Әлеуметтену дегеніміз – қоғамдағы әр түрлі факторлардың әсерінен адамның жаралуы, қалыптасуы және даму процесі. Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда «аяғынан тұрып», өмірге бейімделуі.

Екіншіден – адамның әр түрлі құндылықтар жүйесімен танып, сол қоғамда қалыптасқан жүйелердің біреуін таңдауы. Тұлғаның қоғамнан тыс әлеуметтенуі мүмкін емес. Бұл мәселеде бізді ЖОО білім беру ортасындағы студент жастардың әлеуметтенуі қызықтырады. Болашақ ұстаздың әлеуметтенуі оның кәсіби-шығармашылық өсуінің маңызды алғышарты болып табылады.

Бүгінгі студент жастар әр түрлі критерилер бойынша сараланған: материалдық жағдайы, өмір сүру жағдайының ерекшелігі, этномәдени дәстүрлік тәрбие, болашақтағы таңдаған кәсіптік жолының ерекшеліктері, саяси-азаматтық таңдауы, рухани -мәдени бағыт-бағдары т.с.с.

Негізінен студент жастардың әлеуметтену ерекшелігі аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерінің дамуына, инновациялық әлеуетіне және жастардың әлеуметтенуіне елеулі ықпал ететін басқа да маңызды факторларға байланысты.

Жоғары оқу орны түлектерінің кәсіби әлеуметтенуінің тиімділігі – тек қана, заманауи технологиялардың әрекет етуін пайдалану арқылы кешенді түрде ұйымдастырған жағдайда және көрсетілген проблемаларды шешуді қамтамасыз ететін апробацияны әзірлеу мен моделдерді енгізгенде ғана мүмкін болады. Педагогикалық жоғары оқу орны болашақ мұғалімнің кәсіптік әлеуметтенуі бойынша, мақсатты бағытта өзара әрекет ету үрдісінде болатын.

Ең алғашқы ұжым студенттердің әлеуметтенуі үшін жоғары оқу орны қандай әрекеттер жасауда? Біріншіден, бірінші курс студенттерінің бейімделу процесін ұйымдастырады. Жоғары оқу орнының барлық ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалану арқылы студенттерді жаңа өмірге бейімдеу мен әлеуметтендіру бағыты бойынша болашақ мұғалімдердің кәсібіне деген қызығушылығы және одан әрі жұмыс істеуге деген тұрақты талпынысын арттырады. Бұл жерде академиялық топ кураторының студенттермен өзара қарым- қатынасы маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, кәсіптік-оқу, кәсіби біліктілік, оқыту, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру арқылы, тұлға аралық мақсатты педагогикалық байланыс, қарым-қатынас орнату.

Үшіншіден, кредиттік оқыту технологиясы жағдайында оқу процесінде және оқудан тыс іс-әрекетін оңтайландыру механизмдерін меңгерту. Педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің институттағы ішінаралық әлеуметтенуін қамтамасыз ететін нақты іс-шаралар өткізу.

Өз кезегінде АҚШ Президенті Джон Кеннеди «Біздің елімізге ертең орындалуы мүмкін, бүгінгі таңда орындалмай жатқан өзгерістерді армандайтын ұрпақ керек» деп айтқан болатын. Сондықтан бүгінгі күні орындалмай жатқан істерді, арман-мақсатты болашақта іске асыратын жас ұрпақты тәрбиелеу керек.

Ұлт көшбасшысы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «2050 Стратегиясында»: «Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер!» Одан әрі Президент Қазақстан жастарына «Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар – сіздердің ата-аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер», – деп үндеу тастаған болатын. Сонымен қатар, Президент: «Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз – ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы», – деп жастардан зор үміт күтетіндігін айтты.

Қорыта айтқанда, жастардың әлеуметтену үрдісі дұрыс жолға қойылған кезде ғана жетістікке жетуге болады.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қашқари М. Түрік сөздігі («Диуани лұғат-ит-түрік»). Аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған Асқар Құрмашұлы Егеубай. 3-том. – Алматы, 1997. – 94 б.
- 2 Баласағұни Ж. Құтты білік / Аударған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- 3 Қорқыт Ата энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 800б.
- 4 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.
- 5 Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1967. – 224 б.

МУЗЫКАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Балгина А.Д.,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

Цивилизованное существование человека невозможно вне окружающей его культуры. Рождаясь, человек не выбирает, своих родителей, ту культурно-историческую среду, в которой ему предстоит прожить свой век. Условием для нормальной жизнедеятельности человека и общества является овладение накопленными в ходе истории знаниями, умениями, ценностями, поскольку каждый человек – необходимое связующее звено в эстафете поколений, живая связь между прошлым и будущим человечества.

Взаимосвязь и взаимодействие человека с окружающим миром не могут быть полноценными, если он не обладает способностью эстетически относиться к нему /1/.

Воспитание – целенаправленный процесс формирования гармонично развитой личности. Воспитание обеспечивает вхождение подрастающего поколения в жизнь общества, становление их активными субъектами.

В процессе всестороннего развития личности искусству принадлежит ответственнейшая роль. «Хотя основой всестороннего развития личности является сама жизнь, в которой главную роль играет целеустремлённый творческий труд, но жизнь без искусства не формирует и не воспитывает человека целостного, всесторонне и гармонично развитого» /2/.